

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің
(бұдан әрі – Министрлік, ҚР ЭМ)
2017 – 2021 жылдарға арналған
стратегиялық жоспарын іске асыру туралы есеп

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2019 жылғы
 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 441
 Есеп беру кезеңі: **2019 жыл**

1. Тәуекелдерді басқаруды талдау

Ықтимал тәуекелдердің атауы	Тәуекелдерді басқару бойынша жоспарланған іс-шаралар	Тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралардың іс жүзінде орындалуы	Ескертпе (орындалуы/ орындалмауы туралы ақпарат)
1	2	3	4
1-стратегиялық бағыт. Электр энергетикасын, атом энергиясын пайдалану саласын және жаңартылатын энергия көздерін дамыту			
1.2-мақсат. Атом энергиясын қауіпсіз пайдалану және жаңартылатын энергия көздерін дамыту үшін жағдайлар жасау			
Табиғи уранның әлемдік бағасының төмендеуі	Әлемдік нарық конъюктурасын ескере отырып, жер қойнауын пайдалану келісімшарттары шеңберінде уран өндірісінің көлемін реттеу	2019 жылы айтарлықтай өзгерістер байқалмады, сондықтан 2020 жылы уран өндіру көлемін 20% - ға қысқарту туралы шешім қабылданды. Алдағы жылдары әлемдік нарықтағы жағдай тұрақсыз және негізінен уран өндірушілер үшін қолайсыз болып қала береді. Оны жақсарту және уран бағасын қалпына келтіру орта мерзімді перспективада болжанады.	Орындалды.
Ғылыми техникалық бағдарламаларды, халықаралық шарттар мен келісімдерді іске асыру үшін ресурстық базаның жедел қымбаттауына әсер ететін инфляция деңгейінің күрт өсуі	Басымдылық негізінде жобалардың санын негіздемелі қысқарту арқылы ғылымды және технологияны дамыту бағдарламаларын түзету. Шарттар мен келісімдер шеңберіндегі көлем мен жұмыстарды түзету	2019 жылға арналған ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша қаржыландыру көлемі ҚР Салық кодексінің 394-бабына өзгерістер енгізілуіне байланысты ҚҚС сомасына қысқартылды. Осыған байланысты нысаналы индикатор мен тікелей нәтижелер көрсеткіштерінің төмендеуіне әкеп соқпаған ғылыми зерттеулер жүргізу шарттарына қосымша келісімдер жасалды.	Орындалды.
Жаңартылатын энергия көздері саласындағы инвестициялық тартымдылықтың нашарлауы	Жаңартылатын энергия көздерінен электр энергиясын өндіру үшін жағдай жасау бойынша құқықтық және әкімшілік шараларды іске асыру	2019 жылдың қыркүйегінде 205 МВт-қа аукциондық сауда-саттық өтті. Аукциондық сауда – саттықты өткізу нәтижесінде жалпы белгіленген қуаты 162,89 МВт ЖЭК 12 жобасы іріктелді, оның ішінде ЖЭС – 108,99 МВт, КЭС – 36,5 МВт, СЭС – 7 МВт және Биогаз-10,4 МВт. Аукциондық сауда-саттыққа қатысушылардан құжаттамаларсыз түскен өтінімдердің жиынтық көлемі 471,52 МВт құрады, яғни сұраныс көлемі ұсыныс көлемінен 2,3 есе асып түсті. Аукциондық сауда-саттықтың жеңімпаздары аукциондарға	Орындалды.

		ұсынылған қуаттың 80% - ын жабады. 2019 жылғы қарашада Түркістан облысы Отырар ауданында, Шәуілдір кентінің жанында, 100 га жер телімімен, қуаттылығы 50 МВт болатын күн электр станциясының алғашқы жобалық аукционы өтті. Аукционға 6 елдің 7 компаниясы қатысты: Қазақстан, Германия, Италия, Қытай, Нидерланды және Ресей. Сауда-саттық барысында аукционның максималды бағасы - 29 тг / кВтсағ 2,3 есе төмендеді. Бағасы 12,49 тг / кВтсағ Artn Wind ЖШС компаниясы аукцион жеңімпазы болды. «Artn Wind» ЖШС-нің негізгі құрылтайшысы ENI (Италия) мұнай компаниясы болып табылады. 2019 жылғы аукциондар қорытындысы бойынша 12 компания "ЖЭК бойынша «ҚЕАО» ЖШС-мен жиынтық қуаты 202 МВт болатын шартқа қол қойды. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі мен Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі арасында ынтымақтастық және жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды дамытуды қолдау және Қазақстан Республикасында аукциондық сауда тетігіне көшу мәселелері бойынша өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қойылды. Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі мен Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкі арасында ынтымақтастық және Қазақстан Республикасында жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды дамытуды қолдау мәселелері бойынша өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қойылды. Жоғарыда көрсетілген Меморандум аясында «Жамбыл облысы Сарысу ауданында қуаты 100 МВт Жаңатас ЖЭС құрылысы» жобасы - Жаңатас жел электр станциясы ЖШС-ін қолдау туралы келісімге қол қойылды.	
2-стратегиялық бағыт. Мұнай- газ және мұнай-газ химиясы салаларын дамыту			
2.1-мақсат. Елдің экономикасын отандық мұнай өнімдерімен толық қамтамасыз ету			
ҚР МӨЗ-де жоспарсыз тоқтатылуы мен іске қосу жұмыстарының уақытында орындалмауы, сондай-ақ мұнай өнімдері тауарларының	Өңдеу көлемін реттеу үшін ҚР МӨЗ мұнайды қайта бөлу. МӨЗ жөндеудің жыл сайынғы мерзімдерін 45-тен 20 күнге дейін қысқартуға мүмкіндік беретін жөндеуді (ТОРО) басқаруды	Мұнай өнімдерінің ішкі нарығында тапшылықтың туындау фактілерін болдырмау мақсатында қандай да бір МӨЗ жоспардан тыс тоқтау кезеңінде Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы индикативтік жоспарларда 520 мың тонна көлемінде дизель отынының және 300 мың тонна көлемінде	Орындалды.

іріліуі	автоматтандыру жүйесін пайдалану	авиаотынның импорты көзделген. Сондай-ақ, МӨЗ резервуарлық парктерінің қайнатылуын болдырмау және мұнай өнімдерінің өндірісін азайту мақсатында 2019 жылғы маусымнан бастап Кеден Одағынан тыс бензин экспорты ашылды.	
2.2-мақсат. Ел экономикасының газға деген ішкі қажеттіліктерін қамтамасыз ету			
Күзгі-қысқы кезеңде республиканы газбен үздіксіз қамтамасыз етудің бұзылуы	Жылу беру маусымына дайындық: -күзгі-қысқы кезеңге дайындық бойынша іс-шаралар жоспарын бекіту; -газ тасымалдау жүйесінің күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлігі паспортын бекіту.	2019 жылғы 12 айдың қорытындысы бойынша халыққа және кәсіпорындарға газ жеткізу көлеміне әсер ететін Газды өңдеу және тасымалдау объектілерінде төтенше жағдайлар тіркелмеген. 2019-2020жж. жылыту маусымына (бұдан әрі - ЖКҚ) дайындық мақсатында мынадай жұмыстар орындалды: - 2019-2020 ж.ж. күзгі – қысқы кезеңге дайындық жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді; - газ тасымалдау жүйесінің 2019-2020 ж.ж. күзгі-қысқа кезең жұмысына әзірлігінің төлқұжаттары бекітілді. 1. 2019-2020 ж.ж күзгі-қысқа кезең жұмысына газ тасымалдау инфрақұрылымы объектілерінің жағдайы. Газ тасымалдау инфрақұрылымының объектілері штаттық режимде жұмыс істейді, объектілерге техникалық қызмет көрсету күрделі салу және жөндеу жұмыстарының графиктері мен жоспарларына сәйкес жүргізіледі.	Орындалды.

2. Мақсаттарға және нысаналы индикаторларға қол жету

Нысаналы индикатордың атауы	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Ескертпе (орындалуы/ орындалмауы туралы ақпарат)
			Жоспар	Факт	
1	2	3	4	5	6
1-стратегиялық бағыт. Электр энергетикасын, атом энергиясын пайдалану саласын және жаңартылатын энергия көздерін дамыту					
1.1-мақсат. Ел экономикасының жылу және электр энергиясына деген өсіп келе жатқан қажеттілігін қамтамасыз ету					
Электр энергиясын өндіру көлемі	«КЕГОК» АҚ деректері	млрд. кВтс.	104,2	106	Орындалды
ЖАО өтінімдеріне сәйкес үздіксіз электрмен жабдықтауға өңірлер қажеттіліктерінің қанағаттанушылығы	ЖАО деректер	млрд. кВтс	51,02	52,1	Орындалды
Электрмен жабдықтау жүйесіне қосылу	ДБ есебі	Doing Business рейтингіндегі орын	62	67	Орындалған жоқ
Инженерлік құрылыстарды салу есебінен электр энергиясының қажеттілігін қамтамасыз ететін аймақтардың үздіксіз электрмен жабдықтау көлемі (ЖАО өтінімдеріне сәйкес)	«КЕГОК» АҚ деректері	млрд. кВтс	103,35	105,2	Орындалды
ЖАО өтінімдеріне сәйкес тұрғындарды орталық жылумен жабдықтаумен қамтамасыз ету	ведомств. деректер	мың м²	300	300	Орындалды
1.2-мақсат. Атом энергиясын қауіпсіз пайдалану және атом энергетикасын дамыту үшін жағдайлар жасау					
Уран өндіру көлемі	«Қазатомөнеркәсіп» АҚ деректері	тонна	22742	22761	Орындалды
Ядролық отын өндірісінің көлемі	ведомств. деректер	тонна	-	-	НИ іске асыру 2021 жылы жоспарланған
Атом ғылымы мен техникасы саласында пайдалануға дайын ғылыми әзірлемелер үлесі	ведомств. деректер	%	37,84	37,84	Орындалды
Тексерілген радиациялық ластанған аумақтар деңгейі	ведомств. деректер	%	70	70	Орындалды
Жаңартылатын энергия көздерімен өндірілетін электр энергиясының көлемі	ведомств. деректер	млрд. кВтсағ	2,3	2,4	Орындалды
2-стратегиялық бағыт. Мұнай-газ және мұнай-газ химиясы салаларын дамыту					
2.1-мақсат. Елдің экономикасын отандық мұнай өнімдерімен толық қамтамасыз ету					
Мұнай өндіру көлемі	ведомств. деректер	млн. тонна	89,0	90,5	Орындалды
МӨЗ-де мұнай өңдеу көлемі	ведомств. деректер	млн. тонна	17,0	17,126	Орындалды
Ел экономикасының отандық мұнай өнімдеріне деген ішкі қажеттілігінің қамтамасыз етілуі, соның ішінде	ведомств. деректер	%			

Нысаналы индикатордың атауы	Ақпарат көзі	Өлше м бірлігі	Есепті кезең		Ескертпе (орындалуы/ орындалмауы туралы ақпарат)
			Жоспар	Факт	
1	2	3	4	5	6
бензин бойынша (октан санына тәуелсіз өндіру)			100	100	Орындалды
дизель отыны бойынша			100	100	Орындалды
авиакеросин бойынша			100	100	Орындалған жоқ
Мұнай өндеу өнеркәсібінде нақты мағынада еңбек өнімділігі	стат. деректер	2015 жылға %	139,6	-	2018 жылғы 19 ақпандағы №64 бұйрықпен бекітілген есептеу әдістемесіне сәйкес ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің ресми сайтында жарияланатын деректер 2020 жылғы 20 қазанға қарай қалыптастырылады.
Мұнай өндеу өнеркәсіптің негізгі капиталына инвестициялар көлемі	стат. деректер	млрд. теңге	213,4	-	
3-стратегиялық бағыт. Қоршаған ортаны қорғау сапасын арттыру					
2.2-мақсат. Елдің табиғи газға деген қажеттілігін қамтамасыз ету					
Газ өндіру көлемі	ведомств. деректер	млрд.т екше. м.	54,6	56,4	Орындалды
Газ тасымалдау жүйесіндегі еңбек өнімділігі	ведомств. деректер	млрд.т екше. м./адам м.	3,15	3,3	Орындалды
Тауарлық газды өндіру көлемі	ведомств. деректер	млрд.т екше. м.	31,3	33	Орындалды
Тұрғындарды газдандыру деңгейі	ведомств. деректер	%	50,05	51,47	Орындалды
Ілеспе және/ немесе табиғи газды кәдеге жарату	ведомств. деректер	%	98,1	99	Орындалды
2.3-мақсат. Мұнай-газ химиясы өнеркәсібін дамыту және келісімшарттардағы жергілікті қамту					
Мұнай-газ химиясы өнімін өндіру көлемі: жол битумы	ведомств. деректер	мың. тонна/ жылы	750	898	Орындалды
Мұнай-газ химиясы өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігі	ведомств. деректер	мың. тонна/ адам.	1,84	2,21	Орындалды
Жер қойнауын пайдаланумен байланысты операцияларын өткізгенде жергілікті қамту үлесі:	ведомств. деректер	%			
- мұнай бойынша:					
тауар бойынша			18	19,4	Орындалды
жұмыс, қызмет бойынша			42	49,2	Орындалды
- уран бойынша:					
тауар бойынша			26	27	Орындалды
жұмыс, қызмет бойынша			83	86	Орындалды
Мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту бойынша нысаналы индикаторлар					
Өзірленіп жатқан МЖӨ жобалардың саны	ведомств. деректер	дана	1	1	Орындалды

3. Талдамалық жазба

1-стратегиялық бағыт. Электр энергетикасын, атом энергиясын пайдалану саласын және жаңартылатын энергия көздерін дамыту

1.1-мақсат. Ел экономикасының жылу және электр энергиясына деген өсіп келе жатқан қажеттілігін қамтамасыз ету

«Электр энергиясын өндіру көлемі» НИ 2019 жылдың қорытындысы бойынша 106 млрд. кВтс құрды, жоспар бойынша 104,2 млрд. кВтс.

2019 жылы генерацияның өсуі елде электр энергиясын тұтынудың артуымен тұтастай байланысты, сондай-ақ Екібастұз ГРЭС-1-ден электр энергиясын Өзбекстанға экспорттаумен негізделеді.

Екібастұз ГРЭС-1-ден Өзбекстанға электр энергиясын экспорттау 2019 жылғы 29 маусымнан бастап жүзеге асырылып, 965 млн. кВтс көлемін құрады.

«ЖАО өтінімдеріне сәйкес үздіксіз электрмен жабдықтауға өңірлер қажеттіліктерінің қанағаттанушылығы» НИ 2019 жылдың қорытындысы бойынша 52,1 млрд. кВтс. құрады, жоспар бойынша 51,02 млрд. кВтс.

Оның ішінде:

Алматы облысы – 11,4 млрд. кВтс;

Ақмола облысы – 9,2 млрд. кВтс;

Қызылорда облысында-1,8 млрд. кВтс;

Маңғыстау облысы – 5,1 млрд. кВтс;

Павлодар облысы – 19,5 млрд. кВтс;

Түркістан облысында - 5,1 млрд.кВтс.

Анықтама: республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын бюджеттік жобалардың саны, 18 бірлік 2 жоба аяқталды, объектілер пайдалануға берілді.

«Электрмен жабдықтау жүйесіне қосылу» НИ 2019 жылдың қорытындысы бойынша 67 орынға ие болды, жоспар бойынша 62 орын.

Дүниежүзілік банктің баяндамасына сәйкес «Электрмен жабдықтау жүйесіне қосылу» индикаторы бойынша Қазақстан өзінің көрсеткіштерін 9 позицияға жақсартып, 67-орын алды (бұрын 76-орын алды). Алайда, Стратегиялық жоспарға сәйкес осы индикатор бойынша 62 орын көзделген.

Индикатордың мақсаттарына қол жеткізбеудің себебі Қазақстан Республикасы Мәжілісінің 2019 жылғы сәуір айынан бастап (2019 жылғы сәуір айындағы Дүниежүзілік Банктің сауалнамалық кезеңінен кейін) оны қолданысқа енгізе отырып, бизнес–ортаны жақсарту жөніндегі заңнамалық түзетулердің 7-пакетін кеш қабылдауы болды, онда тұтынушыны электрмен жабдықтау жөніндегі шартқа (жария оферта қағидаты бойынша) физикалық қол қою қажеттілігін алып тастау жөніндегі норма көзделген.

Дүниежүзілік Банктің әдістемесіне сәйкес «Электрмен жабдықтау жүйесіне қосылу» индикаторы кәсіпкерлік субъектілерінен сұрау негізінде бағаланады, бұл өз кезегінде субъективті сипатқа ие екендігін атап өту қажет.

Заңнамалық түзетулердің 7-ші пакетін іске асыру үшін Электр энергетикасын дамыту департаменті Комитетпен бірлесіп «Электр энергиясын пайдалану қағидаларына», «Электр энергиясының бөлшек сауда нарығын ұйымдастыру және жұмыс істеу, сондай-ақ осы нарықта қызмет көрсету қағидаларына» және «Электрмен жабдықтаудың үлгілік шарттарына» өзгерістер мен толықтырулар енгізуде.

«Инженерлік құрылыстарды салу есебінен өңірлердің үздіксіз электрмен жабдықтау қажеттілігін қамтамасыз ететін электр энергиясының көлемі (ЖАО өтінімдеріне сәйкес)» НИ 2019 жылдың қорытындысы бойынша 105,2 млрд. кВтс құрады, жоспар бойынша 103,35 млрд. кВтс.

Оның ішінде қажеттілік:

Алматы облысы – 11,4 млрд. кВт/сағ;

Ақмола облысы – 9,2 млрд. кВт/сағ;

Ақтөбе облысы – 6,4 млрд. кВт/сағ;

Атырау облысы – 6,3 млрд. кВт/сағ;

Шығыс Қазақстан облысы – 9,3 млрд. кВт/сағ;

Жамбыл облысы – 4,5 млрд. кВт/сағ;

Батыс Қазақстан облысы – 2 млрд. кВт/сағ;

Қарағанды облысы – 18 млрд. кВт/сағ;

Қостанай облысы – 4,8 млрд. кВт/сағ;

Қызылорда облысы – 1,8 млрд. кВт/сағ;

Маңғыстау облысы – 5,1 млрд. кВт/сағ;

Павлодар облысы – 19,5 млрд. кВт/сағ;

Солтүстік Қазақстан облысы – 1,8 млрд. кВт/сағ;

Оңтүстік Қазақстан облысы – 5,1 млрд. кВт/сағ.

Анықтама: республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын бюджеттік жобалардың саны (жылу-электрмен жабдықтау бойынша), оның ішінде 105 бірлік 57 жоба аяқталды, объектілер пайдалануға берілді.

«ЖАО өтінімдеріне сәйкес тұрғындарды орталық жылумен жабдықтаумен қамтамасыз ету» НИ 2019 жылдың қорытындысы бойынша 300 мың м² құрады, жоспар бойынша 300 мың м².

042 «Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астана бюджеттеріне жылумен жабдықтау жүйелерін реконструкциялау және құрылыс үшін кредит беру» бюджеттік бағдарламасын іске асыруға 2019 жылы Қостанай облысының 1 жаңа жобасын іске асыруды бастауға 111 900 мың теңге бөлінді. Жылдық жоспардың игерілуі 100% құрады.

Осы көрсеткіш «Ақмола облысы Есіл ауданы Есіл қаласында жылу тораптарымен орталық қазандығын салу» жобасын іске қосу есебінен қол

жеткізілді, ол бойынша оны 2019 жылға дейін қолдану арқылы 2018 жылы 2 000 000 мың теңге сомасындағы қаражат бөлінген, (2018 жылғы 20 наурыздағы № 9МИО924 Кредит шартының 2.3-тармағына сәйкес).

1.2-мақсат. Атом энергиясын қауіпсіз пайдалану және атом энергиясын дамыту үшін жағдайлар жасау

«Уран өндіру көлемі» НИ 2019 жылдың қорытындысы бойынша 22761 тонна құрады, жоспар бойынша 22742 тонна.

Нарықтың қолайсыз баға конъюнктурасына қарамастан, Қазақстан табиғи уранның әлемдік нарығында жетекші позицияларды сақтауды жалғастыруда. Қазақстан әлемдік уран өндірісінің шамамен 40%-ын өндіреді.

Бүгінгі күні республиканың атом өнеркәсібін «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ кәсіпорындары ұсынады. Қазіргі уақытта нарықта уран ұсыныстарының қайта молайтылуы және табиғи уран бағасының едәуір төмендеуі байқалады.

Бүгінгі күні нарықта елеулі өзгерістер байқалмайды, бұл ретте өндірісті ұлғайту орынды, сондықтан 2019 жылы уран өндіру көлемін 2021 жылы 20% - ға қысқартуды жалғастыру туралы шешім қабылданды.

«Атом ғылымы мен техникасы саласында пайдалануға дайын ғылыми әзірлемелер үлесі» НИ 2019 жылдың қорытындысы бойынша 37,84% құрады, жоспар бойынша 37,84%.

НИ іске асыру мақсатында «Қазақстан Республикасында атом энергетикасын дамыту», «КТМ қазақстандық материалтану токамагында тәжірибелік зерттеулерді ғылыми-техникалық қамтамасыз ету»; «Қазақстандық үдеткіш кешендер базасында ядролық және радиациялық физика саласында кешенді ғылыми зерттеулерді дамыту»; «Қазақстан экономикасын инновациялық жаңғырту үшін ядролық-физикалық әдістер мен технологияларды дамыту» іс-шаралары бойынша ғылыми зерттеулер жүргізіледі. Есептер дайындалды және оң мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама алынды.

Анықтама: 105 «Атом энергетикасы саласындағы технологиялық сипаттағы қолданбалы ғылыми зерттеулер» кіші бағдарламасы шеңберінде мынадай ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша зерттеулер жүргізілді:

- атом ғылымы саласында 14 ғылыми әзірleme әзірленді;
- атом энергетикасы саласында патенттер алуға 2 өтінім берілді;
- технологиялық регламенттер саны 1 бірлікті құрады;
- 35 мақала (монографиялар) жарыққа шықты.

Ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша жоғары балл арқылы мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама алынды. «Энергетика және машина жасау» басымдығы бойынша Ұлттық ғылыми кеңес есептерді мақұлдады және бағдарламаны одан әрі қаржыландыруды ұсынды.

«Тексерілген радиациялық ластанған аумақтар деңгейі» НИ 2019 жылдың қорытындысы бойынша 70% құрады, жоспар бойынша 70%.

101 *«Қазақстан Республикасының аумағында радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету»* кіші бағдарламасы шеңберінде:

Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне толық көлемде қол жеткізілді, соның ішінде:

- ауданы 1200 км² «Дегелен» алаңы ауданындағы аумақты кешенді экологиялық зерттеу жүргізілді және бұл зерттеу материалдарының қорытынды нұсқасы дайындалды.

- ССП шекараларын белгілейтін арнайы белгілердің жай-күйіне бақылау жүргізіліп, алынған деректер каталогқа енгізілді.

- «Азғыр» полигонының іргелес елді мекендердегі радиоэкологиялық жағдайға әсерін анықтау мақсатында қоршаған орта объектілерінің радионуклидтік және элементтік құрамына мониторинг жүргізілді. Азғыр полигонында және іргелес аумақта радионуклидтік ластану мониторингі жүйесі сынамаларының саны – 196. Бұл көрсеткіш 100% орындалды.

Атом саласының стратегиялық объектілерін физикалық қорғау жүйелерінің саны – 8 бірлік, бұл жоспарға 100% - ды құрайды, атап айтқанда, таратпау режимін қолдау үшін ядролық қондырғылар мен ядролық материалдарды физикалық қорғау жүйелерінің жұмыс істеуі қамтамасыз етілді.

Қауіпсіз режимде жұмыс істейтін ядролық, радиациялық, электрофизикалық және геофизикалық қондырғылардың саны 43 бірлікті құрады, 100% орындалды.

«Жаңартылатын энергия көздерімен өндірілетін электр энергиясының көлемі» НИ 2019 жылдың қорытындысы бойынша 2,4 млрд. кВтс құрады. ЖЭК объектілерімен электр энергиясын өндіруді ұлғайту 2018 жылғы ұқсас кезеңімен салыстырғанда-77% құрайды.

2019 жылы қуаты 504,55 МВт (7 ЖЭС -162,4 МВт; 9 КЭС -332,2 МВт; 3 СЭС-7,88 МВт;2 БиоЭС-2,07 МВт) 21 ЖЭК объектісі пайдалануға берілді.

2019 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанда жиынтық қуаты 1050,1 МВт (19 ЖЭС–283,8 МВт; 31 КЭС–541,7 МВт; 37 СЭС – 222,2 МВт; 3 БиоЭС – 2,42 МВт) 90 қолданыстағы ЖЭК объектісі бар.

«Жасыл» энергия секторында әлемнің 10 елінің инвесторлар, сондай-ақ Еуропа қайта құру және даму банкі, Азия даму банкі, Қазақстан даму банкі сияқты ірі қаржы ұйымдары жұмыс істейді. Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкі Қазақстандағы алғашқы инвестициялық жоба ретінде Жамбыл облысындағы 100 (жүз) МВт жел паркін таңдады. («Жаңатас Жел электр станциясы» ЖШС).

«Жасыл» энергия секторына инвесторлар ретінде Шелл, Эни, Тоталь-Ирен сияқты ірі мұнай компанияларының келуі жағымды жаңалық болып табылады. Олар Қазақстанда жобаны іске асыру құқығына бақ сынамақшы.

2-стратегиялық бағыт. Мұнай-газ және мұнай-газ химиясы салаларын дамыту

2.1-мақсат. Елдің экономикасын отандық мұнай өнімдерімен толық қамтамасыз ету

«Мұнай өндіру көлемі» НИ 2019 жылдың қорытындысы бойынша 90,5 млн. тонна құрады, жоспар бойынша 89 млн. тонна.

№	Мұнай өндіру, млн. тонна	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жал
1.	ТШО	27,55	28,7	28,6	29,8
2.	КПО	11,6	12,5	12,2	11,3
3.	НКОК	0,957	8,3	13,2	14,1
4.	Басқалар	37,9	36,7	36,3	35,3
	Барлығы	78,03	86,2	90,36	90,5

«МӨЗ-да мұнай өңдеу көлемі» НИ 2019 жылдың қорытындысы бойынша 17,126 млн. тонна құрады, жоспар бойынша 17 млн. тонна.

Мұнай өнімдерін өндіру:

- автобензин өндіру – 4 551 мың тонна (2018 жылға 115,5%);
- авиакеросин өндіру – 625 мың тонна (2018 жылға 163,2%);
- дизель отыны өндіру – 4 810 мың тонна (2018 жылға 107,7%);
- мазут – 2 721 мың тонна (2018 жылға 96,8%).

«Ел экономикасының отандық мұнай өнімдеріне деген ішкі қажеттілігінің қамтамасыз етілуі (%)» бензин, дизель отыны, авиакеросин бойынша» НИ 2019 жылдың қорытындысы бойынша: бензин бойынша 100% құрады, жоспар бойынша 100%, дизель отыны бойынша 100 % құрады, жоспар бойынша 100%, авиакеросин бойынша 100% құрады, жоспар бойынша 100%.

Отандық МӨЗ-де жүргізілген жаңғыртудың арқасында ішкі нарықтың мұнай өнімдеріне деген қажеттілігі өз өндірісі есебінен қамтамасыз етіледі.

«Мұнай өндеудегі нақты мәндегі еңбек өнімділігі»

2018 жылғы 19 ақпандағы №64 бұйрықпен бекітілген есептеу әдістемесіне сәйкес ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің ресми сайтында жарияланатын деректер 2020 жылғы 20 қазанға қарай қалыптастырылады.

«Мұнай өндеудің негізгі капиталына инвестициялар көлемі»

2018 жылғы 19 ақпандағы №64 бұйрықпен бекітілген есептеу әдістемесіне сәйкес ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің ресми сайтында жарияланатын деректер 2020 жылғы 20 қазанға қарай қалыптастырылады.

2.2-мақсат. Елдің табиғи газға деген қажеттілігін қамтамасыз ету

«Газ өндіру көлемі» НИ 2019 жылдың қорытындысы бойынша 56,4 млрд. м³ құрады, жоспар бойынша 54,6 млрд. м³.

№	Газ өндіру, м ³	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
1.	ТШО	15 080,617	15 859,681	15 625,928	16 289,898
2.	ҚПО	17 658,771	18 924,006	18 913,098	18 614,627
3.	НКОК	588,339	4 799,254	7 697,425	8 452,625
4.	Басқалары	13 076,959	13 338,292	13 217,219	13 048,292
	Барлығы	46 404,686	52 921,233	55 453,670	56 405,442

«Тауарлық газ өндірісі» НИ 2019 жылдың қорытындысы бойынша 33,1 млрд. м³ құрады, жоспар бойынша 31,3 млрд.м³.

Тауарлық газды өндіру жөніндегі нысаналы индикаторды орындау елдің ішкі нарығын 16,3 млрд.м³ көлемінде басым газбен қамтамасыз ету мақсатында шикі газды тауарлық сапаға дейін өңдеуді қолдауды қамтамасыз етті.

«Халықты газдандыру деңгейі» НИ 2019 жылдың қорытындысы бойынша 51,47% құрады, жоспар бойынша 50,05%.

Облыстар бойынша жиыны		Облыс бойынша газ құбырларының жалпы ұзындығы км	Облыстың халық саны	2020ж. 01.01. жағдай бойынша газдандырылған халықтың саны	Облыс (қала) халқын газдандыру деңгейі, %	
					2019ж. 01.01. жағдайға	2020ж. 01.01. жағдайға
		51 651	18 532 732	9 539 721	49,68	51,47
1	Маңғыстау	4 499	695 576	688 776	99,0	99,0
2	Атырау	5 921	637 023	634 635	98,4	99,6
3	Алматы қ-сы	5 309	1 891 900	1 869 197	98,2	98,8
4	БҚО	7 614	652 325	627 300	95,5	96,2
5	Ақтөбе	6 720	879 612	792 472	88,5	90,1
6	Қызылорда	2 710	801 481	517 325	64,2	64,5
7	Түркістан	9 411	1 977 768	1 152 672	54,7	58,3
8	Шымкент қ-сы	6 340	1 033 478	951 833	92,0	92,1
9	Жамбыл	4 745	1 129 009	1 000 400	75,3	88,6
10	Қостанай	3 908	869 508	487 185	55,2	56,0
11	Алматы	4 161	2 033 100	801 564	39,2	41,4
12	ШҚО	224	1 381 853	16 362	0,7	1,2
13	СҚО	—	549 700	—		0
14	Қарағанды	—	1 378 533	—		0
15	Нұр-Сұлтан	—	1 131 900	—		0
16	Ақмола	—	737 099	—		0
17	Павлодар	—	752 867	—		0

2019 жылы жалпы сомасы 43 млрд. теңгеге 101 жоба іске асырылды (2018 жылы - 46 жоба).

Ілеспе және (немесе) табиғи газды кәдеге жарату» НИ 2019 жылдың қорытындысы бойынша 99% құрады, жоспар бойынша 98,1%.

Жер қойнауын пайдаланушылардың шикі газды өндеуді дамыту бағдарламаларын іске асыру барысында 2019 жылы жағылатын газ көлемі өткен жылмен салыстырғанда (731,5 млн.м³) 22,6%-ға төмендеді және 566,2млн.м³ құрады, мұнай өндіру 2018 жылы 90,4 млн. тоннадан 2019 жылы 90,6 млн. тоннаға дейін және газ өндіру тиісінше 55,5 млрд. м³-ден 56,4 млрд.м³-ге дейін ұлғайған. Бұл ретте кәдеге жаратылған газ көлемі 54,7млрд.м³-тен 55,8 млрд.м³-қа дейін, яғни 1,1 млрд.м³-ға ұлғайды, бұл тұтастай алғанда ел өңірлеріндегі экологиялық жағдайға оң әсер етеді және газ ресурстарын ұтымды пайдалануға ықпал етеді.

Газ тасымалдау жүйесіндегі еңбек өнімділігі» НИ 2019 жылдың қорытындысы бойынша 3,3 млн.м³/адам құрады, жоспар бойынша 3,15 млн.м³/адам.

2017 жылғы 27 маусымдағы №220 ҚР Энергетика министрі бекіткен Қазақстан Республикасы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына енгізілген энергетика, мұнай-газ өнеркәсібі және қоршаған ортаны қорғау салаларындағы нысаналы индикаторларды және нәтиже көрсеткіштерді (есеп-қисапты) қалыптастыру жөніндегі әдістемеге сәйкес, НИ ҚР газын тұтыну көлемінің және газды экспортқа тасымалдау көлемінің ұлттық оператор қызметкерлерінің орташа тізімдік санына қатынасы ретінде есептеледі.

ҚР Энергетика министрінің 2017 жылғы 27 маусымдағы №220 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына енгізілген энергетика, мұнай-газ өнеркәсібі және қоршаған ортаны қорғау салаларындағы нысаналы индикаторларды және нәтижелер көрсеткіштерін қалыптастыру (есеп-қисап) әдістемесіне сәйкес «Газ тасымалдау жүйесіндегі еңбек өнімділігінің өсуі» НИ ҚР газ тұтыну көлемінің және газды экспортқа тасымалдау көлемінің ұлттық оператор қызметкерлерінің орташа тізімдік санына қатынасы ретінде есептеледі.

2.3-мақсат. Мұнай-газ химиясы өнеркәсібін дамыту және келісімшарттардағы жергілікті қамту

«Мұнай-газ химиясы өнімін өндіру көлемі: жол битумы» НИ 2019 жылдың қорытындысы бойынша 898 мың тонна/жыл құрады, жоспар бойынша 750 мың тонна/жыл, бұл 120% құрайды.

ҚР Энергетика министрлігі өз тарапынан ұсынылған қажеттілікке сәйкес мұнай жол битумын өндіру бойынша жұмысты ұйымдастырады.

Бүгінгі күні Қазақстанда жол битумын өндіретін 4 (төрт) зауыт жұмыс

істеп тұр, олардың ең жоғары қуаттылығы жылына 1,2 млн. тоннаны құрайды.

Анықтама:

«Caspi Bitum» БК» ЖШС (Ақтау қ.) – 406 мың тонна;

«ПМХЗ» ЖШС (Павлодар қ.) – 500 мың тонна;

«Газпромнефть-Битум Қазақстан» ЖШС (Шымкент қ.) – 280 мың тонна;

«Асфальтобетон-1» ЖШС (Алматы қ.) – 100 мың тонна.

2019 жылғы қажеттілік 767 мың тонна деңгейінде жарияланды. Экспорт 54 мың тоннаны құрады.

Осылайша, ішкі нарықтың қажеттілігі отандық өндірістегі жол битумымен толық қамтамасыз етілді.

«Мұнай-газ химиясы өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігі» НИ 2019 жылдың қорытындысы бойынша 2,21 мың тонна/жыл құрады, жоспар бойынша 1,84 мың тонна/жыл.

ҚР Энергетика министрінің 2017 жылғы 27 маусымдағы №220 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына енгізілген энергетика, мұнай-газ өнеркәсібі және қоршаған ортаны қорғау салаларындағы нысаналы индикаторларды және нәтижелер көрсеткіштерін қалыптастыру (есеп-қисап) әдістемесіне сәйкес «Газ тасымалдау жүйесіндегі еңбек өнімділігінің өсуі» НИ ҚР газ тұтыну көлемінің және газды экспортқа тасымалдау көлемінің ұлттық оператор қызметкерлерінің орташа тізімдік санына қатынасы ретінде есептеледі.

«Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жергілікті қамтудың үлесі» НИ 2019 жылдың қорытындысы бойынша:

- мұнай операциялары бойынша: тауарлар бойынша 19,4%, жоспар бойынша 18%; жұмыстар мен қызметтер бойынша 49,2%, жоспар бойынша 42%;

- уран операциялары бойынша: тауарлар бойынша 27%, жоспар бойынша 26%; жұмыстар мен қызметтер бойынша 86%, жоспар бойынша 83%.

Көмірсутек шикізаты (КСШ) саласындағы жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алуларындағы жергілікті қамту

2019 жылдың қорытындысы бойынша КСШ жер қойнауын пайдаланушылардың тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың жалпы көлемі 7 107,89 млрд. теңгені құраған, жергілікті қамту үлесінің орташа салалық көрсеткіші 3 157,28 млрд. теңге сомасына 44,42% құраған.

2019 жыл бойынша тауарлар, жұмыстар мен қызметтер бөлінісінде:

- тауарларды сатып алудың жалпы көлемі 1 140,27 млрд. теңгені құраған, тауарлардағы жергілікті қамту үлесі 221,21 млрд. теңге сомасына 19,4% құрады;

- жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың жалпы көлемі 5 967,62 млрд. теңгені құрады, жұмыстар мен қызметтердегі жергілікті қамтудың үлесі 2 936,07 млрд. теңгеге сомасына 49,2% құрады.

Уран өндіру бойынша жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алуларындағы жергілікті қамту.

2019 жылдың қорытындысы бойынша уран өндіру бойынша жер қойнауын пайдаланушылардың тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың жалпы көлемі 116,65 млрд. теңгені құрады, жергілікті қамту үлесінің орташа салалық көрсеткіші 70,33 млрд. теңге сомасына 60,29% құрады.

2019 жыл бойынша тауарлар, жұмыстар мен қызметтер бөлінісінде:

- тауарларды сатып алудың жалпы көлемі 50,83 млрд. теңгені құрады, тауарлардағы жергілікті қамту үлесі 13,72 млрд. теңге сомасына 27% құрады.

- жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың жалпы көлемі 65,82 млрд. теңгені құрады, жұмыстар мен қызметтердегі жергілікті қамтудың үлесі 56,61 млрд. теңгеге 86% құраған.

«Әзірленіп жатқан МЖӘ жобаларының саны» НИ 1 жобаны құрайды.

2019 жылы Министрлік «Шикі мұнай мен газ конденсатын есепке алудың ақпараттық жүйесі» (бұдан әрі – ШМЕААЖ) МЖӘ жобасын пысықтады.

ШМЕААЖ жобасының мақсаты мұнай өндірісі мен айналымын бақылау мақсатында ақпараттың нақтылығы мен уақтылы қамтамасыз ету болып табылады.

Ұлттық экономика министрлігінің (бұдан әрі – ҰЭМ) 2019 жылғы 30 қаңтардағы №23-2/2277 қорытындысына сәйкес МЖӘ жобасы, оның ішінде концессиялық жоба ретінде ШМЕААЖ жобасын қаржыландыру мүмкін емес, өйткені жоба коммерциялық болып табылмайды және осы жоба шеңберінде ақпараттық жүйені пайдаланудан түскен ақша қаражатының қандай да бір түсімдерінің болмауына байланысты ақша ағындарын генерациялауға қабілетті жаңа активтер құрылмайды.

Сонымен қатар, 2019 жылғы 10 мамырда Министрліктің Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен (бұдан әрі – ЦДҚАӨМ), ШМЕААЖ жобасына қатысты министрлікке бекітілген цифрландыру жобаларын іске асыру барысы туралы есеп беру кездесуі өтті, онда ЦДҚАӨМ тарапынан республикалық бюджеттен ақпараттандырудың сервистік моделіне ШМЕААЖ жобасын қаржыландыру моделін қайта қарауды қарастыру туралы ұсыныс келіп түсті.

Осыған байланысты, Министрлік ШМЕААЖ жобасын пысықтау бойынша жұмыстарды қайта бастады.

2019 жылы 1 тамыздағы ЦДҚАӨМ қорытындысына сәйкес Министрлікке осы жобаның ауқымдылығын ескере отырып,

ақпараттандырудың сервистік моделі (бұдан әрі – АСМ) бойынша МЖӘ арқылы ШМЕААЖ жобасын іске асыру мәселесін қарау ұсынылды.


Осылайша, жобаны іске асыру БАҚ-тың МЖӘ моделі бойынша мүмкін болады, онда шарттың тараптары БАҚ ережелерінің 1-тарауы 6-тармағының 1-т. сәйкес Министрлік мемлекеттік әріптес, Оператор («ҰАТ» АҚ) және әлеуетті жеке серіктес (жеткізуші) ретінде бола алады, инвестицияларды қайтару мұнай есебін бақылау есебінен алынатын болады. Бұл өз кезегінде бюджетке түсетін кіріс түсімдерінің өсуіне жәрдемдесетін болады.

ЦДҚАӨМ ұсынымы негізінде, 2019 жылғы 20 тамызда МЖӘ тетіктері арқылы ШМЕААЖ жобасына бастамашылық жасау мәселелері бойынша кеңес өткізілді, онда ШМЕААЖ жобасын пысықтау, ЦДҚАӨМ мен ҰЭМ-ге келісуге жолдау, сондай-ақ жобаны ресми интернет-ресурста орналастыру тапсырылды.

2019 жылғы 23 тамызда осы жоба бойынша хабарлама Министрліктің ресми интернет-ресурсында орналастырылды. Алайда, 2019 жылғы хабарландыруды орналастырудың қорытындысы бойынша әлеуетті жеке серіктестер тарапынан қызығушылық болмады.

Осыған байланысты МЖӘ тетіктері арқылы ШМЕААЖ жобасын одан әрі іске асыру мүмкіндігі жоқ.

Министр



Н. Ноғаев